КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша шешім)

2025 жылғы 31 қазан №7119-25-00-2/12121 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «№ 14 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Изумруд 888» атынан Темирбеков Аскар Лесбекович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап коюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 14 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер Жеке кәсіпкер «Изумруд 888» атынан Темирбеков Аскар Лесбековичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Изумруд 888» атынан Темирбеков Аскар Лесбекович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Изумруд 888» атынан Темирбеков Аскар Лесбековичтен мемлекет кірісіне 44 744 (қырық төрт мың жеті жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 3 308 (үш мың үш жүз сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 31.10.2025
Дата вступления в законную силу: 09.12.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 09.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья**

**Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 31.10.2025

Дата вступления в законную силу: 09.12.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 09.12.2025

7119-25-3-1/12158